

2

Қала күніне
арналды

4

«Ауылым жайлы,
бауырым жайлы
жыр жазам»

Сыр бойы

№152 (21028) 7 қазан, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

ӨНІРДІҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

«ҚАЙСАР-АРЕНА»: СЫР СПОРТЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



Қызылорданың сол жағалауында 11 мың көрерменге арналған «Қайсар-арена» жаңа стадионының ашылуы ел спортындағы айтулы оқиғаның бірі болды. Бұл – тәуелсіздік жылдарында бой көтерген үшінші стадион. Сондықтан ол тек Сыр өңірі жұртшылығының емес, барша қазақстандық жанкүйердің ерекше назарын аударды. Бас-аяғы бір жылдан астам уақыт ішінде елдің игілігіне айналған спорт нысанының салтанатты ашылу рәсімі мен Қазақстан кубогы финалындағы «Тобыл» (Костанай) мен «Ордабасы» (Шымкент) кездесуі өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, Қазақстан футбол федерациясының президенті Марат Омаров қатысты. Сондай-ақ футбол матчын өліміздің әр аймағынан қоғам қайраткерлері мен мыңдаған футбол жанкүйері тамашалады.

2-бет



Суреттерді түсірген Бағдат Ескамов

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ТІЗІМ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Үкімет міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне деректер ұсыну тәртібін реттейтін қаулыға өзгерістер енгізді. Құжат 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді деп хабарлайды «Қазақпарат».

Түзетулер Қазақстан азаматтары мен елде уақытша жүрген шетелдіктер туралы мәліметтерді беруге жауапты мемлекеттік органдардың тізімін нақтылап әрі кеңейтеді. Бұл ретте құжат Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) мемлекеттерінен келген еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелеріне де қатысты. Бұрынғыдай барлық дерек «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жолданып, одан әрі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың ақпараттық жүйесіне беріледі.

Сонымен қатар өзгерістер «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заңның 26-бабының 1-тармағы мен 26-1-бабының 1-тармағына сілтемелерді нақтылап, тұжырымдамаларды және жауапты органдар тізімін жаңартуды көздейді. Жаңа өзгерістердің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне де қатысы бар. Енді министрлік деректерді «Еңбек нарығы», «Зейнетақы және жәрдемақы алушылардың орталықтандырылған деректер базасы», «Төлемдерді өңдеу ұйымы» және тағамалық шешім «Цифрлық отбасы картасы» сияқты түрлі ақпараттық жүйелер арқылы береді. Одан бөлек, тізімге Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі енгізілді. Ол деректерді сот органдарының ақпараттық жүйесі арқылы жібереді.

20,8 МЛН ТОННА АСТЫҚ БАСТЫРЫЛДЫ

Ауыл шаруашылығы министрлігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың болжамды жинау алаңы 16 млн гектардан асады. Бүгінде 13,3 млн гектар немесе жалпы егіс алқаптарының 83%-ы жиналды. Нәтижесінде 20,8 млн тонна астық бастырылды.

Дәнді дақылдардан бөлек, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер 1,4 млн тонна майлы дақыл, гектарына 228,2 центнер өнімділігімен 2,5 млн тонна картоп және гектарына 307,2 центнер өнімділігімен 3,5 млн тонна көкөніс жинады. Атап айтқанда, 324,1 ц/га өнімнен 428,5 ц/га тонна қырыққабат, 441,0 ц/га өнімнен 1000,9 мың тонна пияз, сондай-ақ 287,9 ц/га өнімнен 355,2 мың тонна сәбіз жиналды.

«Егін жинау науқаны ұйымдастырылуда, агроэкономикалық талаптарға сай мерзімде өтіп жатыр» делінген хабарламада.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУҒА КӨМЕК

Жұмысшы мамандықтарына қызығушылықты арттыру үшін мектептерде бейіндік сыныптар ашылады, деп хабарлайды Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.

Министрліктің мәліметінше, «Жұмысшы мамандықтары жылында» орта білім беру ұйымдарында 1000 бейіндік сынып құрылады. Аталған бастама аясында жалпы саны 31 000-нан астам оқушы кәсіби дағдымен қамтылмақ. Мұндағы мақсат – мектеп оқушыларының еңбек нарығында сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарына ерте бейімделуін қамтамасыз ету, олардың кәсіби бағдарын жүйелі түрде қалыптастыру және техникалық-кәсіптік білімге қызығушылығын арттыру.

Бейіндік сыныптар 9, 10, 11-сынып оқушыларына арналып, өңірдегі жұмысшы мамандықтар немесе өзге де салалар бойынша кадр тапшылығын айқындайтын әрі сол мамандықтарға бағыттайтын бейіндік мазмұнда жұмыс істейді. Бұл процеске өңірдегі жоғары оқу орындары, колледждер және жұмыс берушілер де атсалысады. Айта кетейік, бейіндік сыныптардың бағытын оқу жылы ішінде екі рет өзгертуге болады, – деп түсіндірді ведомство.

Дайындаған
Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

БРИФИНГ

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ҚОРҒАНЫ

Биыл Қазақстан Кәсіподақтары қозғалысына 120 жыл толды. Бұл – еңбек адамын қорғау, әлеуметтік әділеттілік пен жұмысшы құқығын қорғау жолындағы ғасырдан астам уақытқа созылған тарих. Атаулы күнге орай облыстық аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Мақсұт Нәлібаев жергілікті БАҚ өкілдеріне баспасөз мәслихатын өткізді.

Тәуелсіздік жылдарында кәсіподақ қозғалысы күрделі өзгерістерден өтті. Еңбек қатынастары жаңа заңнамалық нормаларға сай реттелді, жұмысшылардың құқығын қорғау жүйесі жаңғыртылды.

Кәсіподақтар федерациясының құрылғанына биыл 35 жыл толды. Бұл жылдар ішінде федерация еңбек адамының мүддесін қорғаудың қуатты институтына айналды. Оның құрылымына 16,5 мың бастауыш кәсіподақ ұйымы, 18 аумақтық кәсіподақ бірлестігі және 24 салалық кәсіподақ кіреді. Ұйым халықаралық кәсіподақтар конфедерациясының мүшесі және Орталық Азия елдерінің кәсіподақтар кеңесі мен түркі мемлекеттерінің кәсіподақтар ұйымын құрудың бастамашысы, халықаралық әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл жасайды. Бүгінде оның құрамында 2 миллионға жуық мүше тіркелген.

Жалпы Қызылорда облысы кәсіподақтары қозғалысының 75 жылдық тарихы бар. 1949 жылы Қазақстан кәсіпшілер одағы кеңесінің қаулысымен «Қызылорда облыстық кәсіподақтар кеңесі» құрылған. 1950 жылы Қызылорда облыстық кәсіподақтар конференциясы өтіп, кәсіподақтар кеңесінің төрағасы болып Мәрілі Шәменов сайланған. Кәсіподақтар федерациясы шешіміне сәйкес 2014 жылы Қызылорда облыстық кәсіподақтар кеңесі қайта атауы өзгертіліп, облыстық кәсіподақтар орталығы болып құрылған.

Әлемдік тәжірибеге қарасақ, кәсіподақтар қоғамда қозғаушы күш болған және солай қала бермек. Кәсіподақтар қозғалысы елдегі әлеуметтік тұрақтылық пен азаматтық үйлесімділікті қамтамасыз етуге ықпал ететін сындарлы, конструктивті күш ретінде анықталады, – деді М.Нәлібаев.

Қазір облыста 12 салалық кәсіподақта 97 мыңнан аса мүшесі бар. Кейінгі жылдары еңбек қатынастары тұрақтылығы бойынша 52 меморандумға қол қойылды, 130-дан астам ұжымдық шарт жаңартылып, жұмысшыларға қосымша әлеуметтік кепілдіктер бекітілді.

«СБ» ақпарат

ӨНІР ӨНІМІ

САПАЛЫ ТАУАР ҚАШАҢДА СҰРАНЫСҚА ИЕ

Бүгінде өңірдегі құрылыс алаңдарында пайдаланылатын материалдардың басым бөлігі – жергілікті тауарлар. Күйдірілген кірпіш, бетон, брусчатка, терезе, есік пен әрлеуге қажетті бояулар да өзімізде өндірілуде. Оны кәсіпкерлердің өнімімен танысу барысында көріп жүрміз. Кейінгі кездері қалада тұрғын үй, әлеуметтік нысандар, жол құрылысы үздіксіз жүруде. Құрылысқа жергілікті өнімдер қолданылатыны көңіл қуантады. «Нұр-төре» жеке кәсіпкерлігінің ағаштан жасалған сан түрлі есік пен бұйымдары да сұранысқа ие.



Суретті түсірген: Нұрболат НҰРЖАҒЫБАЙ

Осы орайда біз кәсіп иесі Нұрлыбек Ескалиевпен кездесіп, жұмысымен танысып қайтқан болатынбыз.

Алдымен «Бәйтерек» шағын ауданында орналасқан цехқа бардық. Мұнда

жұмыс қызу. Шеберхана бес бөліктен тұрады. Қажетті МДФ материал мен бояулары Шымкент және өзге де қаладан жеткізіледі. Цехтағы жаңа технологиялар екі жыл бұрын Түркиядан алыныпты.

3-бет

Валюта бағамы: \$ 547,57 kzt

€ 642,63 kzt

₸ 6,68 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +18° 🌙 +6°

Сәрсенбі ☀️ +20° 🌙 +5°

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БЮРОСЫНЫҢ
БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Ұлттық статистика бюросының басшысы Максат Тұрлыбаевпен кездесті. Кездесуде Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы мәселелері талқыланды.

Санақты талапқа сай өткізу үшін ұйымдастыру комиссиясы құрылып, іс-шаралар жоспары мен ақпараттық қолдауға арналған медиа-жоспар бекітілді. Оның қорытындысы елдегі аграрлық саланың қазіргі ахуалын нақтылап, агроөнеркәсіп кешеніндегі тиімді мемлекеттік саясат пен бағдарламаларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мемлекет тарапынан аграрлық салаға жасалған қолдаудың арқасын- да өсім қалыптасқан. Биыл 31 млрд 300 млн теңге, оның ішінде субсидия- лауға 14 млрд 200 млн теңге қаржы бөлінді. Өткен 8 айдың қорытындысымен 66 млрд 900 млн теңгенің өнімі өндіріліп, өсім былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 2,5 пайыз, тамақ өнімдерін өңдеу көлемі 16 пайызға артты. Ауыл шаруа- шылығына 9 млрд 900 млн теңге ин- вестиция тартылып, көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 1,4 есе өсті. Мал басы мен оның негізгі түрлерін өндіруде тұрақты өсу үрдісі қалыптасты. Ет өндіру 3,8 пайыз, сүт өндірісі 3,3 пайыз, жұмыртқа өндірісі 7,9 пайызға артты. Аймақтың жер қоры 24 млн гектар, оның 12 пайызы – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер. Биыл 189 600 гектарға дақылдар, оның ішінде 80 900 гектарға күріш егілді. Қазіргі таңда егін жинау жұ- мыстары қарқынды жүргізілуде. Егіл- ген күріштің 73 мың гектары орылып, 64 мың гектары бастырылды, 340 мың тонна өнім алынып, әр гектардан орташа 52,9 центнерден айналуа. Өңірде алдағы үш жылда 37 инвестициялық жоба іске асырылады. Биыл 8 млрд 800 млн теңгенің 16 инвестициялық жобасы жоспарлана, оның 3 млрд 400 млн теңгеге ба- ғаланған 8-і іске қосылды. Өткен екі жылда «Ауыл аманаты» жобасымен 5 млрд 500 млн теңгеге 782 жоба қаржыландырылды. Биылға 5 млрд 500 млн теңгенің 559 жобасы межеленген.

«ҚАЙСАР-АРЕНА»:
СЫР СПОРТЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев стадионның ашылуымен құттықтап, командаларға сәттілік тіледі. – Бүгін – Қазақстанның спорт тарихындағы айтулы күн. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының аймақтарда бұл сала бойынша инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде стадион мен кешен салу туралы тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында жаңа стадион бой көтерді. Жанкүйерлер асыға күтетін Қазақстан кубогының финалы алғаш рет Қызылорда қаласында өтеді. Бұл – сырбыллықтар үшін үлкен мәртебе, зор мақтаныш! Баршаңызды жаңа стадионның ашы- луымен шын жүректен құттықтаймын! Қаламызда жаңа нысанның салынуына ерекше қолдау білдір- ген Мемлекет басшысына, Үкіметке барша облыс халқы атынан шынайы алғыс білдіреміз. Финал- дық ойынды өткізуге бастамашы болып, ұйым- дастырған Қазақстан футбол федерациясына зор ризашылығымызды жеткіземіз! – деді Нұрлыбек Машбекұлы. Жергілікті «Қайсар» командасының құрыл- ғанына алпыс жылға жуықтады. Қай кезде де облыс басшылығы тарапынан клубқа қолдау көрсетіледі. «Локомотив» және Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадион қазірге дейін өз қызметін атқарады. Дегенмен заман талабына сай жаңа стадион салу мәселесі күн тәртібіне шығып, жанкүйерлердің ұсынысы облыс басшылығынан қолдау тапты. Туризм және спорт министрі Ербол Мырза- босынов жаңа нысан ел спортын дамытуға жасал- ған оң қадам екенін атап өтті. Стадионның жалпы аумағы 20 мың шаршы метрден асады. Кешенде бокс, күрес, спорттық гимнастика, таэквондо, ауыр атлетикаға арналған залдар бар. – Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде спорт инфрақұрылымын дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Биыл жыл басынан бері еліміздің 14 өңірінде 32 спорт нысаны пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін тағы 70 нысанның құрылысы аяқталады деп жоспарлануда. «Қайсар-арена» стадионы – Қазақстан Президентінің тапсырмасымен жүзеге асқан ең ірі инфрақұрылымдық жоба. Бұл кешен ірі халықаралық жарыстар мен мәдени-спорттық іс-шараларды өткізуге мүмкіндік береді, – деді Е.Мырзобосынов. Сондай-ақ Қазақстан футбол федерациясының президенті Марат Омаров жаңа стадионның ашылуы ел футболы үшін маңызды екенін атап өтті. – Бұл – еліміздің футбол картасынан лайықты орын алатын заманауи арена. Қазақстан Кубогының финалы алғаш рет Сыр елінде өтіп отыр. Осы алаңда талай қызықты кездесулер мен ұмытылмас ойындар өтеді деп сенемін. Бүгінгі финал сол табысты жолдың бастауы болсын! – деді М.Омаров. Ғимараттың бірінші қабатында спорт залдары, футболшылардың дайындық бөлмелері және сауықтыру орталықтары орналасқан. Екінші

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ	«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ ІV ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ						
	Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күндері	Азаматтарды қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі	Байланыс телефоны
	Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Жаңабасев Ғабит Жұмабекұлы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 А бөлме	40-08-17
	Қызылорда облысының жұмыспен қамтулы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Мыңбаев Азамат Амантайұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме	27-23-01
	Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Даулетбаева Жанар Жұмабекқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 210 А бөлме	27-01-00

Аудан жаңалықтары



ҚАЗЫЛОРДА

АРАЛ

ҚАЗАЛЫ

ҚАРМАҚШЫ

ЖАПАҒАШ

СЫРДАРІЯ

ШИЕЛІ

ЖАҢАҚОҒАН

ҚАЛА КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

Қызылорда қаласының астана болғанының 100 жылдығы мен Қала күніне орай «Қызылорда – жастар қаласы» атты фото көрме-сайыс өтті. Онда қаланың сәулетті көріністері, жастардың рухы мен жігерін бейнелеген түрлі жанрдағы суреттер көпшілік назарына ұсынылды. Көрме кезінде 200-ге жуық жүрекжарды лебіз жазылған «Тілек тактасы» қала әкімдігіне сыйға тартылды. Бұл шара қаланың көркем бейнесін жаңаша қырынан көрсетіп қана қоймай, жастардың өнерін, тілегін және отансүйгіш рухын айшықтады. ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев құрылыс нысандарын аралап, жұмысқа жауапты өкілдермен кездесті. Бірінші бағыт халықтың әлеуметтік осал топтарына арнап салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылысымен танысу болды. Қазіргі таңда ауданда 2 пәтерлі 30 тұрғын үй салынып жатыр. – Жұмысты әлі де жандандыру қажет. Күн жылы кезде сылақ, әрлеу сынды жұмыстарды үлгерту маңызды. Бізде талап біреу ғана. Халық пайдаланатын үйлердің сапасында мін болмау керек. Әсіресе, ғимараттың беріктігі маңызды. Сондықтан жұмысты мұқият әрі сапалы жүргізуді талап етеміз, – деді аудан әкімі. Айта кетейік, өткен жылы тұрғын үй салуға мемлекеттік бюджеттен 2,2 млрд теңге бөлініп, 150 пәтерге тұрғындар қоныстанған болатын. Биыл 60 пәтер сатып алуға 900 млн теңге қаражат қаралды. ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ НАЗАРДА Өткен жылы Қазалы ауданында 27,5 шақырым аудандық маңызы бар автомобиль жолы жөндеуден өтті. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 23 жоба, оның ішінде Әйтеке би кентінен 19 көше, елді мекендерден 4 көшеге орташа және күрделі жөндеу, Қазалы қаласының 10 көшесіне қайта жаңғырту, Жанқожа батыр ауылының кіреберіс жолы мен «Әлсейіт» көпірінен бастап Бекарыстан би ауылына дейінгі аралықты күрделі жөндеу қолға алынды. Бүгінде бұл жұмыстың бірқатары аяқталды. Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов кент пен қала көшелеріндегі жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарын көріп, мердігер мекеменің жауапты өкілдері мен тиісті сала басшыларына жол құрылысының ең әуелі сапасына баса мән беріп, мерзімінде аяқтауды тапсырды. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӨРМЕНКЕСІ ӨТТІ Байқоңыр қаласында облыс әкімдігінің бекітілген кестесіне сәйкес, Қармақшы ауданының тауар өндірушілері, қала кәсіпкерлерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге 76 тоннаға жуық ауыл шаруашылығы өнімдері жеткізілді. Халыққа қолжетімді бағаман ет, балық, сүт өнімдері, күріш, көкөністер, жеміс-жидек және басқа да күнделікті тұтынатын тағам түрлері ұсынылды. Қала тұрғындарын сапалы әрі экологиялық таза өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында өткізілген шараны Қармақшы ауданы әкімдігі мен «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы бірлесі ұйымдастырды. Жәрмеңкеде өнімдердің бағасы нарықтан төмен, тұрғындар тарапынан жоғары сұраныс пен оң пікірге ие болды. САНАҚ ЖҰМЫСЫ САРАЛАНДЫ Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен мәжілісте ауданда Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының өту барысы қаралды. Салаға жауапты аудан әкімінің орынбасары мен бөлім басшылары санақтың жағдайы туралы баяндады. Мәселен, онлайн кезінде 1276 ауыл шаруашылығы субъектісінің 1245-і санақтан өтті. Бұл 97,6 пайыз көрсеткішті құрады. Аудан әкімі салаға жауапты басшыларға санақтың сапалы әрі толық жүргізілуін қамтамасыз етуді, тұрғындарды толық қамтуды және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды. «КІТАП – АМАНАТ» ЖОБАСЫ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ Аудандық орталықтандырылған кітапхананың оқырмандар залында «Кітап – АМАНАТ» жобасы аясында арнайы тұрақты бұрыш ашылды. Онда көрнекіліктер орналастырылып, жаңа әдебиеттер қойылды. Кітапхананың заман талабына сай жабдықталуы сала жұмысын жаңа деңгейге көтерді. Бүгінде аудан кітапханашылары түрлі бағытта жүйелі жұмыс істеуде. «Кітап – АМАНАТ» жобасы аясында ашылған арнайы тұрақты бұрыш көрнекті ақын-жазушылар мен қаламгерлердің кітаптарын насихаттауға, кітапхана жұмысын жандандыруға септігін тигізбек. «АУЫЛ КҮНДЕРІ» БАЙҚАУЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ Шиелі ауданында ауылдардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырып, тұрғындардың белсенділігін ынталандыру мақсатында «Ауыл күндері» байқауы бастау алған болатын. Бұл ауқымды жоба еңбек адамдарының мәртебесін көтеріп, ауыл тіршілігін жандандыруға, ел ішіндегі бірлік пен ынтымақты нығайтуға бағытталған. Байқау аясында әр ауылда абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, мәдени-танымдық іс-шаралар мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкелері ұйымдастырылды. Сонымен бірге жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы орны мен маңызы кеңінен насихатталды. Шараға аудан әкімі Айтбай Жандарбеков арнайы қатысып, жобаға атсалысып, ауылдардың дамуына үлес қосқан округ әкімдерін, белсенділер мен мәдениет, спорт, жастар ұйымдарының өкілдерін арнайы Алғыс хаттармен марапаттады. Жиын соңы мерекелік концертке ұласты. АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР Аудан әкімі Мажит Самитовтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері және құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстваралық комиссиялардың бірлескен отырысы өтті. Онда төрт мәселе қаралды. Бірінші мәселе білім саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл барысы туралы аудандық білім бөлімінің басшысы Нариман Жақұдаев, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жолын кесу, алдын алу және болдырмау, мал ұрлығы, алаяқтық, жол-көлік оқиғаларының алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар жайында аудандық полиция бөлімінің бастығы Нұрлан Ібраев хабарлама жасады. Сондай-ақ жастар арасындағы құқықбұзушылықтарға қарсы атқарылып жатқан шаралар туралы аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Наурызбай Орынбасаров баяндады. Аудан басшысы білім, құқық қорғау саласында қызмет атқарып жүрген мамандардың адалдығы мен жауапкершілігін арттырудың маңыздылығын атап өтіп, сала басшыларына тиісті тапсырмалар беріп, қажетті шараларды жедел қабылдауды тапсырды. Дайындаған: Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»



АУҚЫМДЫ ЭКОБАСТАМА ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Бір апта бұрын Алматы қаласынан басталған «Таза Қазақстан» road-эстафетасы Қызылордада қорытындыланды. Ауқымды экологиялық бастама 1200 шақырым автожол бойын тұрмыстық қалдықтардан тазарту мақсатында ұйымдастырылды. Бұл туралы қала әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Эстафета құрамында «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандирова, сондай-ақ ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Мұрат Әбеннов, Мархабат Жайымбетов, Амантай Жаркынбекұлы, облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, экологгерлер, еріктілер бар.

Қатысушылар республикалық маңызы бар автожол бойын тазарту жұмыстарымен қатар, «Вандализмге жол жоқ» акциясы аясында Жаңақорған

ауданындағы Сығанақ қалашығы айналасында тазалық жұмыстарын жүргізді. Ал Шиелі ауданындағы іс-шара барысында Мәжіліс депутаттары аудан тұрғындарына арнайы қабылдау өткізсе, «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандирова аудан жастарымен кездесіп, пікір алмасты. Қабылдаулар мен кездесулер барысында тұрғындар суқартарына жауап алды.

Атап өту керек, эстафета аясында тазалық сақшылары 4 облыс, 1 қала және 15 аудан аумағына тазалық жұмыстарын жүргізіп, 10 мың тоннадан

астам қоқысты қайта өңдеуге жөнелтті.

Эко-акцияны қорытындылау шарасына қала әкімі Нұржан Ахатов, «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова, партияның облыстық филиалы жанындағы экологиялық кеңес төрағасы Жорабек Нұрымбетов, еңбек ардагерлері мен белсенді жастар қатысып, ризашылық білдірді.

Тазалық жанашырлары осылайша республикалық маңызы бар автожол бойын тұрмыстық қалдықтардан тазартып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосты. Жалпы, ауқымды іс-шараға 3 мыңға жуық белсенді жас қатысты.

«СБ» ақпарат

/// АҚЫН ИБРАГИМ ИСАНЫҢ ТУҒАНЫНА 75 ЖЫЛ

«АУЫЛЫМ ЖАЙЛЫ, БАУЫРЫМ ЖАЙЛЫ ЖЫР ЖАЗАМ»

Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, сыршыл ақын, Сыр перзенті Ибрагим Исаевтың туғанына 75 жыл толды. Осыған орай ақынның туған ауылы Ақсуат елді мекенінде «Есімің сенің мәңгілік» атты мәдени-көпшілік іс-шара өтті.

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар талантты ақын Ибрагим Исаевтың есімі көпке танымал. Терең сезіммен өрілген тебіреніске толы өлеңдері ел аузында жүр. Әсіресе, жиын-тойда жұртшылық әсерлене шырқайтын ақын сөзіне жазылған мына бір әдемі ән туған жерге деген алабымен сезімді аңғартып тұр. (Әуесінн жазған Құралай Сәтмұхамедова).

– Жол жүрерм бүгін, тағы да бүгін жол жүрерм,
Ел жаққа барам, жүрегім ел деп елжіреп.
Ауылдың суы, ауылдың нуы аңсапты,
Күйбең тірліктің дүрбең шулары шаршапты.

Ауылға барам, бәрі де туыс ол жақта,
Аңкылдайды олар, қарамайды олар бар-жоққа.
Ауылым жайлы, бауырым жайлы жыр жазам,
Сүйеніп тұрып анам сүйенген шарбаққа.
Иә, бозбала шағында арман қуып, ауылдан жырақ кеткен ақын егде тартқан шағында ел жақты көп ойлайтын. Ауылға аңсайтын, бауырын сағынатын. Сол сезімін жүрегінен төгіліп түскен жыр шумақтарымен жолдайтын.

Ақынның қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығын өлеңмен өрген туындысы да тамаша әнге айналды.

– Ән – Аға,
Жан – Аға,
Сені аңсап шарқ ұрып шағала.
Каспийдің толқыны, соғалды жағаға, жағаға...

Ән – Аға,
Жан – Аға, – деген жыр жолдарынан терең тебіреністі танимыз.

Ақынды еске алуға Астана, Алматы қалаларынан қонақтар келді.

Қазақ поэзиясында айқын қолтаңбасы қалған Ибрагим Исаевтың адами болмысы, асқақ шығармашылығы туралы ақынның замандаш, үзегіңгілес достарының бірі, Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса, мәмлекет және қоғам қайраткері Ибрагим Әбибуллаев естелік айтып, елдің көңілін толқитты.



Айта кетейік, ақын Ибрагим Исаев ел ішінде кең таралған көптеген әннің сөзін жазған автор. Айталық, «Махаббат – мәңгі ертегі», «Елге сапар», «Ән – Аға» әндері халықтың жүрегінен орын алған. Кеш аясында қазақ эстрадасының танымал әншілері Жәніс Сейділлова, Сәкен Қалымов, Жәніс Ысқақова, сондай-ақ жергілікті өнерпаздар ақын сөзіне жазылған әндерді шырқады.

Кеш қонақтары, ақынның туған-туысы, жұбайы, балалары және бірге оқыған достары арнайы ұйымдастырылған тақы-

рыптық көрмемен танысты. Сондай-ақ, ақынның габратты ғұмыр жолы туралы бейнебаян көрсетілді. Рухына арнап Құран бағышталып, ас берілді.

Руханы танымдық іс-шараға қала әкімінің орынбасары Ділімұхамед Абызов қатысты. Қала әкімі атынан қонақтарға ізгі тілек білдіріп, бірқатар еңбек озаттарына марапаттар табыстады.

Іс-шара спорттық сайыстарға жалғасты.

Ғазиза ӘБІЛДІ,
«Сыр бойы»

ҚР СРИМ «Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ «Жаңақорған суармалы жерлерді мониторингiлеу бөлімінің» суармалы жерлерді агрономелиоративтік зерттеу бағыттарындағы жұмыстары

Гидробөлімше мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырды:

- 1) Суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйіне мониторинг пен бағалау жүргізу жөнінде нормативтік және әдістемелік жетекшілік ету;
- 2) Гидрологиялық-мелиоративтік жұмыстар жүргізу кезеңді үйлестіріп отыру;
- 3) Мелиоративтік зерттеп-қарау, суармалы жерлердің бары-жоғы мен пайдалануға мониторинг жүргізу;
- 4) Суармалы жерлерде ыза сулардың деңгейлік-тұздылық режиміне гидрогеологиялық байқаулар ұйымдастыру және жүргізу;
- 5) Суармалы жерлерде топырақ-мелиоративтік іздестіру мен зерттеп-қарау жүргізу;
- 6) Коллекторлы-кәріз суларының ағысын анықтау және суаратын коллекторлы-кәріздеу сулар химизмін байқау;
- 7) Бұрғылауды және байқаушы ұңғымалардың мемлекеттік желісін жабдықтауды, топографиялық-геологиялық, зертханалық және басқа да зерттеулер мен іздестіру жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
- 8) Суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін бағалау және жақсарту жөнінде ұсынамалар әзірлеу;
- 9) Ыза сулардың деңгейіне гидрорежимдік бақылау жүргізу;
- 10) Жер үсті және жерасты суларына ирригациялық бағалау жүргізу және оларды суару үшін пайдалану бойынша ұсынамалар әзірлеу.

«Жаңақорған суармалы жерлерді мониторингiлеу бөлімінің» қызмет ету аймағындағы суармалы жерлердің экспликациясы (статистикалық есеп деректерін бойынша форма 22 а нысаны)

Кесте-1		
№ р/с	Ауыл нысандардың атауы	Суармалы жер ауданы, га
1	Келінтобе	6620,0
2	Аққорған	6946,0
3	Қожакеңт	5945,0
4	Өзгент	2758,0
5	Қыркөксе	4762,0
6	Жаңарық	2713,0
7	Сунаката	3708,0
8	Басқа а/ш-ауылында	11506,0
Аудан бойынша барлығы:		44958,0

1. 2025 жылғы атқаратын жұмыстардың түрлері мен көлемдері

Жерасты суларының деңгейін өлшеу және суармалы алқапта орналасқан гидробөлімшесінде теңгерімдегі 146 дана бақылау ұңғымалары арқылы жүргізіледі, барлық бақылау ұңғымалары күрші жүйелерінде орналасқан, өлшеу қантардан сәуірге дейін және қазаннан желтоқсанға дейін – 1 рет, вегетациялық кезеңде мамырдан қыркүйекке дейін – 3 рет, 146 дана бақылау ұңғыма арқылы жүргізіледі * 7 айына * 1 рет = 1077 өлшеу, 146 ұңғыма * 5 ай 3 рет = 2190 өлшеу.

Гидробөлімше бойынша 2025 жылы жерасты суларын өлшеу (ЖАСД өлшеу) – 3267 рет жүргізіледі.

2. Жерасты суларын зертханалық зерттеу.

Бақылау ұңғымаларынан жерасты суларының хлор органикалық пестицидтермен, гербицидтермен, тыңайтқыштармен, қашыртқы-дренаж суларымен, ауыр металдармен ластануын зерттеуге сынамалар алынады. Ұңғымалардан су сынамалары жылына екі рет вегетация кезеңіне дейін және вегетациялық кезеңдерден кейін алынады. Бақылау ұңғымаларынан жерасты суларын қысқартылған химиялық талдау жүргізіледі. Сынамалар алынатын ұңғымалардың жалпы саны – 146 дана.

Сынамалар жылына екі рет алынады: 146 ұңғыма * 2 рет = 292 сынама.

3. Суармалы массивтердегі бақылау ұңғымаларын ағымдық жөндеу жұмыстары.

Бақылау ұңғымаларын күтіп-ұстау мен ағымдық жөндеу жұмыстары. Жыл сайынғы көктемгі егіс жұмыстарын орындау, агроэкономикалық шаралардың дайындығы мен күзгі егін жинау науқандарында және бақылау ұңғымаларының амортизациялық мерзімдерінің толық өтуі, сонымен қатар антропогендік факторлардың әсерінен бақылау ұңғымаларының 5-10%-ы сәт сайын қолданыстан шығып отырады. Осы мақсатта ұңғымалардың конструктивті элементтерін ауыстыру, сырлауды, ұңғыма маңындағы алаңды арам шөптерден тазартуды және басқа да жұмыстарды қамтитын бақылау ұңғымаларына ағымды жөндеу жұмыстары жүргізу көзделеді.

Жаңақорған гидробөлімшесінде 2025 жылы 108 дана бақылау ұңғымаларына ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда, оның ішінде: Келінтобе а/ш-да – 19 дана, Аққорған а/ш-да – 18, Қожакеңт а/ш-да – 18, Өзгент а/ш-да – 12 дана, Қыркөксе а/ш-да – 17 дана, Жаңарық а/ш-да – 12 дана және Сунаката а/ш-да – 12 дана.

4. Қашыртқы-дренаждық сулардың ағынын гидрологиялық бақылау.

Суармалы жерлердегі қашыртқы-дренаждық сулардың ағынын гидрологиялық бақылау, суару жүйелерінің қашыртқы-дренаждық желісінде жабдыкталған тұрақты және уақытша гидрометриялық бекеттер арқылы жүргізіледі. Массивтерде орналасқан қашыртқылар су ағындарының өлшеуі мамыр, маусым, шілде және қыркүйек айларында орындалады.

5. Топырақ, тұзды-түсірім жұмыстары.

Агрономелиоративтік және барлау зерттеулерінің нәтижелері бойынша мелиорациялық-қолайсыз жерлер анықталады. Тұздылықтың көрінісіне, жердің күрделілік санатына және басқа факторлар мен жағдайларға байланысты топырақ-мелиорациялық жұмыстар жүргізіледі. Олар тұзды жерлерінің кеңістік шекараларын анықтау мақсатында мелиоративтік-қолайсыз жерлерді топырақ-тұзды түсіруді қамтиды. Топырақ-мелиорациялық жұмыстары орындау барысында, топырақ шұфрлары тереңдігі 1,0 м дейінгі тереңдікте арнайы құрылғымен қолмен бұрғылады. Бұл ретте тұз құрамын анықтау үшін қабаттық үлгілер (іріктеу аралығы 0-30, 30-70 және 70-100см) іріктеледі. 2025 жылы топырақ-тұзды түсірудің жүргізіліп және жоспарланған аудан 2000 гектар құрайды, оның ішінде наурыз айында Келінтобе ауыл шаруашылығында 0,340 мың га және Аққорған ауыл шаруашылығында 280 мың га, сәуір айында Қожакеңт ауыл шаруашылығында 280 мың га және Өзгент ауыл шаруашылығында 0,255 мың га, қыркүйек айында Қыркөксе ауыл шаруашылығында 0,310 мың га. Жоспар бойынша жүргізілетін жұмыс қазан айында Жаңарық пен Сунаката ауыл шаруашылығында 0,240/0,295 мың га. Топырақ тұздылыққа сынама алу нүктелерінің жалпы саны 408 дана.

6. 2025 жылы қашыртқы-дренаждық сулар зерттеу жұмыстары.

Қысқартылған химиялық талдауға арналған қашыртқы-дренаждық сулардың сынамалар жылына төрт рет ауыл шаруашылықтардан іріктеледі 12*4=48 сынама.

Суару каналдарынан суларын жылына төрт рет ауыл шаруашылықтардан зертханалық зерттеу іріктеледі 7*4=28 сынама.Барлығы аудан бойынша 76 дана сынама.

«Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ «Жаңақорған суармалы жерлерді мониторингiлеу бөлімінің» 2024 жылғы жағдай бойынша, қызмет ету алаңындағы суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайлары

Кесте-2

Ауыл-шаруашылық атауы		Суармалы жерлердің көлемі	Оның ішінде мелиорациялық жағдайы бойынша			
			тұзданбаған	әлсіз-тұзданған	тұзданған	қатты тұзданған
1	2	3	4	5	6	7
Келінтобе	6,620	-	4,217	2,215	0,188	-
Аққорған	6,946	-	4,317	2,278	0,351	-
Қожакеңт	5,945	-	5,152	0,793	-	-
Өзгент	2,758	-	2,065	422	0,271	-
Қыркөксе	4,762	-	3,585	0,988	0,189	-
Жаңарық	2,713	-	2,651	0,062	-	-
Сунаката	3,708	-	2,850	0,517	0,341	-
Басқа а/ш-да барлығы	11,506	-	5,136	6,370	-	-
	44,958	-	29,973	13,645	1,340	-

«Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ-нің «Жаңақорған суармалы жерлерді мониторингiлеу бөлімі» мамандарының суармалы жерлерді жақсарту жөніндегі ұсынымдары.

- Қашыртқы-дренаж жүйелерін бетонды негізбен жабдықтау;
- Тік қашыртқы ұңғымаларды қалпына келтіру, іске қосу;
- Үйіме каналдардан келетін фильтрациялық судың көптігі, оларды бетонмен қаптау, жабық дренаждық құрылғылар орнату;
- Қолда бар су ресурстарын тиімді пайдалану, заманауи су есептегіш құрылғылармен автоматтандырылған су үнемдегіш технологияларды, күрші ауыспалы егісіне енгізу;
- Егістік атыздарының тегіс болмауы, лазерлік мара агрегаттары пайдалану арқылы атыздарды +, -3-5 см деңгейіне келтіру;
- Гидротехникалық құрылыс нысандарының тозуы, жанадан орнату;
- Суармалы жерлердің топырақ құнарлығы және балл бонитеті төмендеуде, өңірдің басты күрші дақылдан экономикалық тұрғыда кем түспейтін әртараптың дақылдарын негіздеп, ауыспалы егіс жүйесіне енгізу, үлес салмағын арттыру;
- Ауыспалы егіс жүйесінің сақталуын қатаң бақылауда ұстау.

Қуаныш ИСМАИЛОВ,
Жаңақорған гидробөлімше бастысы

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БОЙЫ МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 22048

Тапсырыс №1696

Кезекші редактор Айнуір БАТТАЛОВА